

ҚЫСҚА МӘТІНДІК ХАБАРЛАМАЛАРДАҒЫ СӨЗҚЫСҚАРЫМДАР

Джумабаева Алтынай Ерсұлтанбековна

dzhumabaeva.altynai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 6В01717-«Қазақ тілі және әдебиеті»
мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сәрсекке Г.Ә., ф.ғ.к., профессоры

XXI ғасыр - орасан өзгерістер кезеңі. Адамзат тарихындағы үлкен жаңалықтардың бірі – ғаламтор желісінің пайда болуы болса, XXI ғасырда аталған жаңалық адамның күнделікті тұрмысына етене еніп, орнықты. Қазіргі таңда кез-келген адам өз өмірін ғаламтор желісінен хат-хабарламаларсыз елестете алмайды. Аталған мәселелердің соңғысы, дәлірек айтқанда, ғаламтор желісіндегі хабарламалар үйреншікті нәрсеге айналып кетті. Бүгінде адам баласы хабарлама негізінде біраз мәселесін шеше алады. Кез-келген шұғыл шаруа барысында, ыңғайсыз жағдайда және хабарласа алмаған жағдайда хабарлама арқылы мән-жайды жеткізе алады. Ғаламтор желісі негізіндегі мәтіндік хабарламалар әр түрлі тақырыпта өрбиді. Хабар алысушылар бір-бірінің хал-жағдайын, отбасы тұрмысын, жұмыстағы өзгерістерді, қоғамдағы хал-ахуалды және өзге де тақырыптарды ғаламтор желісі негізінде талқылай алады.

Хабарламалардың ең көп қолданылатын орны – әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желілер қазіргі таңда барлық адамға қолжетімді коммуникация құралы болып отыр. Әлеуметтік желі – ғаламтор қолданушыларының виртуалды кеңістікте кездесетін ортасы. Бұл ортада қарым-қатынас бірнеше нұсқада іске асады: желі қолданушылары бір-бірімен мәтіндік хабарлама негізінде, сонымен қатар аудиожазба, бейнежазба негізінде хабар алыса алады.

Берілген мақалада ғаламтор желісіндегі қысқа мәтіндік хабарламалардағы жиі қолданылатын сөзқысқарымдар қарастырылады. Сөзқысқарымдар, яғни ғаламтордағы қысқа мәтіндік хабарламалардағы коммуникация барысында түбір және туынды сөздердің әртүрлі тәсілдер негізінде қысқартылып берілуі жан-жақты талданады.

Қазақ тілді әлеуметтік желі қолданушыларының арасында ең жиі қолданылатын сөзқысқарымдарды қарастыра келе төмендегідей тұжырымдар түйінделді. Әлеуметтік желілердегі сөзқысқарымдарды қолданылу аясы мен орнына байланысты екіге ажыратамыз:


Ауызекі тілдегі сөзқысқарымның мәтіндік нұсқаға көшуі;

Тек мәтіндік нұсқада ғана кездесетін сөзқысқарымдар.


Сөзқысқарымның алғашқы түрі – күнделікті ауызекі қарым-қатынас негізінде қолданыста жүрген сөздердің қысқарған варианттарының мәтіндік формаға өтуі. Әдетте мұндай сөзқысқарымдар ауызекі сөйлеудегі формасын жоғалтпай, сол қалпы жазылады. Мысалы, қазіргі таңда «жатырса, отырса» қалып етістіктері ауызекі сөйлеуде «отса, жатса» формаларында жұмсалады. Әлеуметтік желілердегі қысқа мәтіндік хабарламаларда аталған қалып етістіктері қысқарған формаларында -ыр, -ір тұлғасы түсіріліп жазылады. Тағы бір мысалдардың бірі - «қазір» үстеуі. «Қазір» үстеуі бүгінгі күнде ауызекі тілде «қазір» деп толық нұсқасында айтылып жүрсе де, аталған мезгіл үстеуінің «қаз» немесе «каз» деген қысқарған нұсқасының тілде қолданыста жүргенін ешкім жоққа шығара алмайды. «Қазір» үстеуінің қысқа

мәтіндік хабарламалардағы алатын үлесі зор. Ескере кететін жайт, «қазір» үстеуі қысқа мәтіндік хабарламаларда екі нұсқада сөзқысқарымға ие: «каз» немесе «каз» және ка нұсқалары.


Мысал ретінде келесі хабарламалар үзіндісін қарастырайық:




Сурет 1. «Ка» сөзқысқарымы



Сурет 2. «Каз» сөзқысқарымы




Сурет 3. «Каз» сөзқысқарымы




Сурет 4. «Каз» сөзқысқарымы


Ауызекі тілдегі жиі кездесетін сөзқысқарым – жіктік жалғауының бірінші жағындағы етістікке жалғанған -мын, -мін жалғауының қысқартылып, -м формасында айтылуы. Мысалы: айтамын-айтам, жазамын-жазам, көремін-көрем, қарғаймын-қарғайм, жүземін-жүзем, өлемін-өлем, күлемін-күлем, секіремін-секірем, құртамын-құртам және т.б. Аталған ауызекі қарым-қатынас барысындағы қолданысқа ие сөзқысқарымдар әдетте әлеуметтік желілердегі қысқа мәтіндік хабарламаларда жиі, дәл осы формада қолданылады. Бұл сөзқысқарулар көп жағдайда шұғыл ақпаратты беру мақсатында қолданылады. Етістіктердің осы формадағы қысқаруы өзгесіз таптарына қарағанда жиі кездеседі. Мысалы:




Сурет 5. «Айтам» сөзқысқарымы



Сурет 6. «Білем» сөзқысқарымы




Сурет 7. «Жазам» сөзқысқарымы




Сурет 8. «Көрем» сөзқысқарымы


Келесі кезектегі ауызекі тілде орын алатын сөзқысқарымның бірі –«анандай» сын есімінің «андай» формасында жұмсалуды. Аталған сөзқысқарым ауызекі тілде, күнделікті қарым-қатынас барысында жиі қолданылады. Айта кетер тағы бір ерекшелік, аталған сын есімнің қазіргі таңда өзінің негізгі семантикалық мағынасынан ажырап, әсіресе жастар тілінде мағынасының өзгеріске түсуі. «Анандай» сөзі 2011 жылы жарыққа шыққан түсіндірме сөздікте «анадай» сөзінің синонимі ретінде қарастырылады [1, 42]. 2008 жылғы түсіндірме сөздікте «анадай» сөзі «анау сияқты, анау тәрізді» деген түсіндірумен дәйектелген[2, 26]. Қазіргі таңдағы жастар тіліндегі қолданыста жүрген «анандай/анадай» сөзі теріс мағынада, әзіл-сықақ формасында жиі қызметте жүреді. Жазбаша формада, - дегенмен де ауызекі тілдегі мағынасымен қоса, «анадай/анандай» сөзінің бастапқы өз мағынасы да қоса жүзеге асады. Мысалы:




Сурет 9. «Андай» сөзқысқарымы



Сурет 10. «Андай» сөзқысқарымы



Сурет 11. «Андай» сөзқысқарымы



Сурет 12. «Андай» сөзқысқарымы

Қолданылу аясына байланысты сөзқысқарымның екінші түрі - тек мәтіндік нұсқада ғана кездесетін сөзқысқарымдар. Мұндай сөзқысқарымдар ауызекі тілдесу барысында ұшырай бермейтін, тек жазбаша мәтінде ғана кездесетін сөздердің қысқартылған нұсқалары.

Мәтіндік хабарламаларда ғана кездесетін сөзқысқарымдарды бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Сөзқысқарымдардың бұлай жіктеуіміздің негізгі критерийлерінің бірі – морфеманың, түбірдің қысқарылым барысындағы өзгеріс дәрежесіне байланысты. Мұндай құбылыс кейбір сөздерде тек дауысты я дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуымен орын алса, кейбір түбір я туынды сөздерде сөздің буыны я түгел бір морфеманың сөзден ажырауы нәтижесінде көрініс береді.

Осы секілді морфологиялық яғни тұлғалық өзгеріс белгілеріне байланысты қысқа мәтіндік хабарламалардағы сөзқысқарымдарды 4-ке бөліп қарастырдық:

Түбір я туынды сөздің мағыналы тұлғасындағы (түбірдегі) белгілі бір буынның түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған сөзқысқарымдар;

2. Түбір я туынды сөздің тұлғасындағы белгілі бір қосымша морфеманың (жұрнақ я жалғаудың) құрамындағы белгілі бір бөлшегінің (екі немесе үш әріптің) түсіріліп жазылуы нәтижесінде пайда болған сөзқысқарымдар;

3. Түбір я туынды сөздің тұлғасындағы белгілі бір дауысты дыбыстың, я дауысты дыбыстардың түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған сөзқысқарымдар;

4. Түбір я туынды сөздің тұлғасындағы белгілі бір дауыссыз дыбыстың, я дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған сөзқысқарымдар.

Бұл жіктелімнің негізін түсіндіріп, топшылап өтсек.

Біріншіден, түбірдегі буынның түсіп қалуы мен қосымша құрамындағы әріптердің түсіп қалуын жеке-жеке қарастырдық. Негізгі себебі – түбірдің буыннан ажырауы қосымшаның дыбыстан, яки әріптен ажырауымен салыстырғанда өте күрделі құбылыс. Түбір жеке дара мағыналы морфема ретінде қызмет етеді, әдетте бүтін бөлшегінен ажырағанда тұлғасына сызат түседі, яғни сөздің мағынасына өзгерістер енуі мүмкін. Алайда, ғаламтор желісіндегі әлеуметтік желі қолданушыларына таныс сөзқысқарым мұндай кедергіге ұшырамайды. Демек, түбір тұлғадағы буынның түсіп қалуы өте күрделі құбылыс және аз уақыт аралығын қамтымайды. Түбір тұлғасындағы буынның түсіп қалып, тілде емін-еркін қолданылуы үшін қажет белгілердің бірі - желі қолданушылары арасында аталған сөзқысқарымның танымал болуы. Демек, кез келген желі қолданушысы ешқандай қиындыққа тап болмай, хабарлама негізінде келген сөзді танып, түсініп, тез арада жауап қайтару үшін сөздің баршаға таныс болуы керек. Мысалы, жоғарыда атап өткен «каз/ка» үстеуі. Жалпы жұртшылыққа таныс сөзқысқарымды емін-еркін жұмсаудың да негізгі себебі түсінікті, ол оның танымал болуы. Ал қосымша морфемалардағы әріптердің түсіріліп жазуы бұған қарағанда өзгеше. Оған аса қатты дайындық, танымалдық қажет емес. Жұрнақ я жалғаудың бір әріпі ғана жазылып, екі-үш әріп түсіріліп жатса да, оқып отырған желі қолданушысы қарым-қатынас барысында екінші жақ жеткізген ақпаратты жеңіл түсіне алады.

Келесі мәселе, дауысты және дауыссыз дыбыстардың түсіріліп жазылуының жеке-жеке қарастырылуы. Негізгі себебі дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстың түсіріліп жазылуындағы ерекшеліктері болып табылады. Дауысты дыбыстар көбіне мағыналық рөл ойнамай, қызметі солғындау болғанда мәтіндік хабарламада түсіріліп жазылады. Ал дауысты дыбыстар көп жағдайда орнын алмастыра алатын я болмаса, мағынасын, қызметін күнгірттендіре алатын дауыссыз я дауысты дыбыспен қатар, көршілес тұрғанда түсіп қалып жатады.

Әлеуметтік желі тілі – жеке дара қарастыруды талап ететін, лингвистиканың өзекті тақырыптарының бірі. Қазіргі кезеңдегі технологиялық өзгерістер мен ғаламтор желісінің дамуы желі тілінің ауқымын кеңейтуде. Әлеуметтік желідегі қысқа мәтіндік хабарламалар – желі тіліндегі негізгі материалдардың бірі. Қысқа мәтіндік хабарламалар тілі ауызекі сөйлеу тілінен, әдеби тілден айтарлықтай айырмашылыққа ие болады.

Қорытындылай келе, сөзқысқарымдардың морфологиялық ерекшеліктері – тілдегі орын алып жатқан тың жаңалық. Сөзқысқарымдарды заман талабы немесе әлеуметтік желі

қолданушыларының қажеттілігі деп атай аламыз. Сөзқысқарымдарды өзара төрт түрге бөліп қарауға толыққанды негіз бар. Әрбір сөзқысқарым түрінің өзіне тиесілі тілдік ерекшелігі бар. Осыған сүйене отырып, сөзқысқарымдарды жеке зерттеу объектісі ретінде назар аударуға тұрарлық құбылыс деп атауға негіз бар. Сөзқысқарымдардың қазіргі таңдағы қарқынды қолданыс үлгісіне сүйене отырып төмендегідей пікірді қоса кеткіміз келеді.

Қысқа мәтіндік хабарламалардағы сөзқысқарымдар қазіргі таңда әлеуметтік желі ішінде ғана қолданысқа ие. Десек те, уақыт өте келе сөзқысқарымдардың қолданыс аясы кеңеюі мүмкін. Тек желі ішінде кездесетін сөзқысқарымдар болашақта көркем әдебиетте, ғылыми еңбектерде де қолданыла бастауы мүмкін. Бұлай деуімізге тірек ғаламтор желісіндегі сөзқысқарымдарды салыстырмалы түрде жастар көп қолданады. Жастар тілдің болашағына ие деп есептесек, аталған құбылыс болашақта орын алады деп болжам жасауға болады.

Ғаламтор желісінің тілі – лингвистикадағы көлемді мәселелердің бірі. Осы күнге дейінгі зерттеу жұмыстары, еңбектердің барлығы аталған саланың ерекшеліктерін талдап, зерделеуге арналды. Десек те, аталған сала, әсіресе, қазақ тілінде зерттеуге зәру. Қазақ тілді аудиториядағы желі тілі құнды әрі мол деректер береді. Зерттеушілерге материал да өте көп. Қысқа мәтіндік хабарламалардағы сөзқысқарымдар жиі кездеседі, және қазақ тілінде жүйелене қоймаса да, жүйелеуге икемді. Қазақ тілді аудиториядағы сөзқысқарымдар жоғарыда айтқандай өте көп және белгілі бір жүйе, ереже бойынша қысқарымға ұшырап отырған десек те болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д. Ескі қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі (кірме сөздер). 2 том. – Астана: Астана полиграфия баспасы, 2011. - 304 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.